



Еңбек қорғау бойынша мемлекеттік нормативтік талаптар

Оқытушы: Тукенова К.Т. П.Ф.К.Доцент

Студент: Рахымжанова А.Д.

Нұрабаева Д.Т.

Әбзбек Р.Д.

5B073200 СМС 13-1қ

ЕҚ бойынша негізгі нормативті құжаттар

Өндірістік қызметтегі адамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында ҚР заңнамалық және нормативтік актілер жинағы: ҚР Конституциясы, Әкімшілік құқықбұзушылар туралы кодексі, Азаматтық процессуалдық кодекс, «Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі» және т.б. әрекет етеді.

Егер Конституция және басқа еңбек туралы заңдар құқықтық нормативтер болып табылса, онда актілер кестесінде келтірілген нормативтер кәсіпорындарға, өндірістік қызметтерге, ортаға, жабдықтарға қойылған талаптарды нақтайды; тұлғаларға міндетін, құқығын және ЕҚ мен ӨҚҚ туралы заңнамалық және басқа нормативтік актілерді анықтайды.

Еңбек қауіпсіздігі стандарттар жүйесінің құрылымы

Еңбекті қорғауды басқару жүйесі шағын кәсіпорынға еңбекті қорғау жөніндегі өз тұжырымдамасын (саясатын) әзірлеуге, еңбекті қорғау мақсаттарын (мақсатты көрсеткіштерін) айқындауға, еңбекті қорғаудың нәтижелілігін арттыруға қажетті шараларды қабылдай отырып, еңбек процесін ұйымдастыруға, сондай-ақ әлеуметтік бағыт алған өндірісті құруға, аварияларды, оқиғалар мен жазатайым оқиғаларды болдырмауға мүмкіндік береді.

Инструктаж түрлері

1. **Кіріспе нұсқау – (вводный инструктаж)** кіріспе нұсқауды еңбекті қорғау инспекторы немесе қауіпсіздік техникасының инспекторы жүргізеді. Ол: 1) өндірістің түрімен таныстырады; 2) өндірістегі қауіпті және зиянды заттар бөлетін бөлмелермен таныстырады; 3) өндірістің жұмыс тәртібімен таныстырады; 4) жеке басының гигиенасымен.

2. **Бірінші нұсқау (первичный инструктаж)** - бірінші нұсқауды цех немесе бөлім бастығы кейде мастер жүргізеді. Ол: 1) жұмыс орнымен таныстырады; 2) жұмыс істейтін жабдықтардың түрімен таныстырады; 3) жұмыс орнының дұрыс және қауіпсіздік түрін ұйымдастыруды үйретеді; 4) цехтағы немесе сол бөлімдегі қауіпсіздік техникасы жөнінде түсінік береді.

3. **Қайталама нұсқау (повторный инструктаж)** – қайталама нұсқауды цех бастығы немесе еңбекті қорғау инспекторы әр 3 немесе 6 айда жүргізеді. Барлық жұмысшылар және қызметкерлер нұсқауды қабылдау керек.

4. **Кезектен тыс нұсқау (внеочередной инструктаж)** - 1) егер өндірісте технологиялық процесс өзгерсе немесе жұмысшыны бір жабдықтан, екінші жабдыққа ауыстырған кезде жүргізіледі; 2) егер берілген нұсқаулар жеткіліксіз болып, өндірісте төтенше жағдай болған кезде нұсқау жүргізіледі; 3) егер қауіпсіздік техникасының құжаттарының талаптары бұзылса, осы кезде кезектен тыс нұсқау жүргізіледі.

5. **Арнайы нұсқау (целевой инструктаж)** – жұмыстың бір-ақ түрін орындайтын кезде жүргізіледі.

Шаруашылық ауыз сумен қамтамасыз ету

«Су көздеріне, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға, мәдени-тұрмыстық су пайдалану орындарына және су объектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық ережесі (бұдан әрі – Ереже) сумен жабдықтау көздерін ластанудан қорғауға, ауыз сумен жабдықтау көздерін санитариялық қорғаныш аймақтарының шектерін айқындауға, жер учаскесін орналастыруға, таңдауға, ғимараттарға, үй-жайларды жабдықтауға, суды дезинфекциялауға, сондай-ақ сумен жабдықтау объектілеріндегі персоналдың еңбек жағдайларын ұйымдастыруға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды қамтиды.

Зиянды өнеркәсіптерде сүтпен қамтамасыз ету нормалары

Сүт бір ауысымға майлылығы 3,2 пайызға дейін 0,5 литрден төмендегідей химиялық заттарды өндіру немесе қолдануға байланысты жұмыстарда қызметкердің нақты жұмыс істеген күндеріне оның ұзақтығына қарамастан беріледі:

Түсті металдардың бейорганикалық қосылыстарымен жұмыс істейтін қызметкерлерге сүтке қосымша 2 грамм пектин онымен байытылған азық-түлік өнімдері түріндегі: сусындар, желе, джем, мармелад, жеміс және (немесе) шырындары және консервілер (пектиннің нақты құрамын дайындаушы зауыт көрсетеді) беріледі.

Антибиотик өндірумен немесе өңдеумен айналысатын қызметкерлерге сүттің орнына пробиотиктермен (бифидобактериялар, қышқыл сүт бактериялары) байытылған, немесе қаймағы алынбаған сүттен жасалған ашытылған сүт өнімдері беріледі.

Ғимараттар арасындағы санитарлық қашықтық

Тұрғын үй ғимараттарын жобалау және салу осы санитариялық қағидалардың талаптарын есепке ала отырып жүзеге асырылады. Құрылыс және әрлеу материалдарына Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген болуы тиіс. Тұрғын үй ғимараттарында пандустар көзделеді.

Тұрғын үй ғимараттарында шаруашылық-ауыз су, өртке қарсы және ыстық сумен жабдықтау, сондай-ақ кәріздеу және суағарлар көзделеді.

Баспалдаққа көтерілу жолы мен алаңында тұтқалары бар қоршаулары, тұрғын үй ғимараттарында қарт және мүгедек адамдар үшін қосымша қабырғалық тұтқалар болады.

Баспалдақ торлары мен лифт холлдары кез келген мақсаттағы басқа үй-жайлардан және қабатаралық дәліздерден есіктермен бөлектенеді, лифт шахталарын шахталардың сыртқы және ішкі қоршау конструкцияларының дыбыс оқшаулағышы болған жағдайда, тұрғын бөлмелермен аралас орналастыруға жол беріледі.

Кіреберістерге кіру есігінің алдындағы едендерде және баспалдақ алаңдарда төменге ойықтар, тайғақ болмауы тиіс.